

Қаратоғай ауылындағы көшеге Молдағазы Айтасов есімін беру туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 16 тамыздағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 қыркүйекте № 3-13-157 тіркелді

Ескерту. Шешімнің мемлекеттік тілдегі атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосындағы" сөздері "ауылдық", "ауылындағы" сөздерімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 24.11.2014 № 07 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 13.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабының 4-тармақшасына және Қаратоғай елді мекені тұрғындары конференциясы хаттамасына сәйкес Шетырғыз ауылдық округ әкімі

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қаратоғай ауылындағы көшеге Молдағазы Айтасов есімі берілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шетырғыз ауылдық округінің әкімі:

Ж. Табынбеков